# Қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасын нығайту бойынша қосымша іс-шараларды өткізу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1184 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 1060 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 1060 Қаулысымен.

Қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасының режимін ретке келтіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасын нығайту бойынша қосымша іс-шараларды өткізу жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия 2004 жылғы 22 қарашаға дейін Үкіметке белгіленген тәртіппен шекара алабынан көшірілуге тиіс Қазақстан Республикасының азаматтарына өтемақы төлеу және тұрғын үйлер мен жер учаскелерін беру тәртібін және республикалық бюджеттен осы іс-шараларға талап етілетін қаржыландыру көлемін есептеуді көздейтін қаулының жобасын енгізсін.

3. Комиссияға қажет болған кезде Қазақстан Республикасы мүдделі мемлекеттік органдарының мамандарын оның қызметіне қатысу үшін тарту құқығы берілсін.

4. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып белгіленсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1184 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасын нығайту бойынша қосымша іс-шараларды өткізу жөніндегі

**ведомствоаралық комиссияның құрамы**

| | |
|---|---|
| Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші |
| Атанов Мұрат Марданұлы | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі, жетекшінің орынбасары |
| Көпеев Мұхамбет Жұманазарұлы | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі |
| Оспанов Бақыт Сағындықұлы | - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің төрағасы |
| Выборов Анатолий Николаевич | - Қазақстан Республикасы Ішкі істер вице-министрі - Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитетінің төрағасы |
| Әшітов Батыржан Зайырқанұлы | - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі |
| Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Коржова Наталья Артемовна | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |
| Стамқұлов Үбайдолла Мырзағалиұлы | - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі |
| Зәкиев Болат Сейітқазынұлы | - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің директоры (келісім бойынша) |
| Ержанов Аманияз Қасымұлы | - Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының бірінші орынбасары |
| Омаров Қайсар Оспанұлы | - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері комитетінің төрағасы |
| Әбдиев Жазбек Ниетұлы | - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Көші-қон комитетінің төрағасы |
| Әбішев Ислам Алмаханұлы | - Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК